

ЖШС «Ескендир 07», «Ескендір» бөбекжайы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие

Тақырыбы: «Менің әкем – полиция қызметкері»



MADE WITH
**Scanner
App**



«Адал азамат – Біртұтас тәрбие»
Тақырыбы: «Менің әкем – полиция қызметкері»

Білім беру саласы: Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие, қоршаған ортамен таныстыру

Жас тобы: Ересек топ

Мақсаты:

Балаларға полиция қызметінің маңызын түсіндіру, әке мамандығына құрмет сезімін қалыптастыру, қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Міндеттері:

Білімділік: Полиция қызметкерінің қоғамдағы рөлін қарапайым тілмен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Полиция қызметкерлерінің суреттері, жол белгілері, светофор, смайликтер.

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

Қайырлы таң, балалар!

Қайырлы таң, достар!

Біз бүгін қуаныштымыз,

Бәріміз біргеміз!

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

— Балалар, сендердің әкелерің не істейді?

— Кімнің әкесі полицияда жұмыс істейді?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші қорытындылайды:

— Бүгін біз полиция қызметі туралы әңгімелейміз.

Негізгі бөлім

Әңгіме

Полиция қызметкері — адамдарды қорғап, тәртіпті сақтайтын маман. Ол:

- адамдарды қауіптен қорғайды
- жол ережесін бақылайды
- жоғалған адамдарды табуға көмектеседі
- тәртіпті сақтайды



Сұрақ-жауап:

- Полиция не үшін керек?
- Олар бізге қалай көмектеседі?
- Қауіпсіздік деген не?

Дидактикалық ойын

«Қауіпсіз – қауіпті»

Тәрбиеші жағдайларды айтады:

- Жолда жүгірмеу – қауіпсіз
- Қызыл жарықта өту – қауіпті
- Үлкенге көмектесу – қауіпсіз
- Бөтен адаммен кету – қауіпті

Балалар дұрыс/бұрыс деп жауап береді.

Сергіту сәті

Біз кішкентай баламыз,

Ережені сақтаймыз.

Жолдан абай өтеміз,

Қауіптен біз қашамыз!

Шығармашылық жұмыс

«Менің әкем – батыр» сурет салу

Балалар:

- әкесін
- полиция көлігін
- белгі мен светофорды салады.

Жағдаяттық тапсырма

Тәрбиеші:

- Көшеде адасып қалсаң не істейсің?
- Бөтен адам шақырса не істейсің?
- Қауіп төнсе кімге хабарласасың?

Қорытынды бөлім

Сұрақ-жауап:

- Полиция кім?
- Олар не істейді?
- Біз қандай ережелерді сақтауымыз керек?

Рефлексия

😊 – түсіндім

😐 – орташа

😞 – қиын болды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: полиция қызметінің маңызын.

Түсінеді: қауіпсіздік ережелерін.

Қолданады: жолда және өмірде сақ болуды.



MADE WITH
**Scanner
App**



Орал қаласының білім беру бөлімі



ДИПЛОМ

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында
мектеп жасына дейінгі балалар арасында
«Менің әкем – полиция қызметкері»
республикалық онлайн сурет көрмесі
байқауынан қалалық кезеңінде

III орын алған

«Ескендир» жеке бөбекжайы
тәрбиеленуші Айдынғали Айым,
педагог Ж.А.Маратова




МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы

А.С. Нұрғали А.Кайржанова

2026 жыл

№



MADE WITH

Scanner
App

